

"Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларды қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қарашадағы N 1067 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларды қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларды қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы

2006 жылғы 28 қарашада Минскіде жасалған Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларды қорғау туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларды қорғау туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, осы Келісімге қол қойған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына қатысушы мемлекеттер

Тараптардың аумақтарында қылмысқа қарсы тиімді күресті қамтамасыз ету және қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін сәтті жүзеге асыру мақсатында, осы мақсаттарға қол жеткізуге көмек көрсететін адамдардың заңды құқықтары мен мүдделерін тиесілі қорғауды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, қылмысқа қарсы күресте Тараптардың келісілген әрекеттері табанды қажеттілік болып табылатынына сенімді бола отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттарында мына терминдер қолданылады:

- а) қылмыстық сот ісін жүргізу - Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі және сот өндірісі;
- б) қорғалатын адамдар - қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар (жәбірленуші, куә, жеке айыптаушы, сезікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушылары және заңды өкілдері, сотталған, ақталған, сондай-ақ оған қатысты қылмыстық іс не қылмыстық ізге түсу қысқартылған адам, сарапшы, маман, аудармашы, куәгер,

сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы педагог пен психолог, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, заңды өкілдер, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және жеке айыптаушының өкілдері), сондай-ақ сұрау салған Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес қорғауға жататын басқа адамдар;

в) қорғау шаралары - қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін осы Келісімде көзделген және осыған сәйкес қорғалатын адамдарға қатысты қолданылатын шаралар;

г) құзыретті органдар - Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес осы Келісімнің шектерінде қорғау шараларын жүзеге асыру туралы шешім қабылдайтын немесе оларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

д) сұрау салған Тарап - оның сұрау салуы бойынша қорғау шаралары жүзеге асырылатын мемлекет;

е) сұрау салынған Тарап - оның аумағында қорғау шаралары жүзеге асырылатын мемлекет;

ж) кәмелетке толмағандар - он сегіз жасқа толмаған адамдар.

2-бап

1. Сұрау салынған Тарап осы Келісімнің ережелеріне және өз заңнамасына сәйкес сұрау салу негізінде сұрау салған Тарапқа қорғалатын адамдарға қатысты қорғау шараларын жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

2. Осы Келісім қорғалатын адамдарға қатысты өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес сұрау салған Тараппен қабылданған қорғау шаралары олардың тиісті қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмаған жағдайларда қолданылады.

3-бап

1. Қорғау шараларын ұйымдастырудың және жүзеге асырудың барлық процесі құпия болып табылады.

2. Құпиялылықтың дәрежесі әрбір нақты жағдайда мүдделі Тараптардың құзыретті органдары арасында кеңес арқылы анықталады.

4-бап

1. Қорғалатын адамдарға қатысты бір уақытта мына қорғау шараларының бірнешеуі немесе біреуі қолданылуы мүмкін:

а) қорғалатын адамды сұрау салынған Тараптың аумағында қауіпсіз орынға уақытша орналастыру;

б) қорғалатын адамды сұрау салынған Тараптың аумағында басқа тұрғылықты жерге көшіру;

в) қорғалатын адамның құжаттарын ауыстыру;

г) қорғалатын адамның сырт пішінін өзгерту;

д) қорғалатын адамға арнаулы жеке қорғану, байланыс және хабарландыру құралдарын беру;

е) жеке күзету, тұрғын үйін және өзге де мүлкін күзету;

ж) қорғалатын адам туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету;

з) жұмыс (қызмет) немесе оқу орнын ауыстыру;
и) қамаудағы немесе жазаны өтеу орнындағы қорғалатын адамға қатысты қосымша қорғау шараларын қолдану, соның ішінде қамауда ұсталатын немесе жазаны өтеу орындарынан басқа орындарға ауыстыру.

2. Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімде көзделмеген өзге де қорғау шараларын жүзеге асыра алады.

5-бап

1. Қорғалатын адамды қауіпсіз орынға уақытша орналастыру оның сұрау салынған Тараптың аумағында мүдделі Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес олардың құзыретті органдарымен белгіленген орында қажетті уақыт кезеңі ішінде болуын к о з д е й д і .

2. Сұрау салынған Тараптың аумағында қамауға алынған немесе бас бостандығынан айырылып сотталған қорғалатын адам сұрау салынған Тараптың заң талаптарын сақтаумен оның тиесілі мекемесінде уақытша ұсталуы мүмкін.

6-бап

Қорғалатын адамды сұрау салынған Тараптың аумағында басқа жерге көшіру кезінде қорғау шарасы жүзеге асырылғанға дейін оған тұрғылықты орын беріледі. Сұрау салған Тараптың өтініші бойынша қорғалатын адамға жаңа тұрғылықты жерге оның қозғалатын мүліктерін көшіруге мүмкіндік берілуі мүмкін.

7-бап

Сұрау салынған Тараптың құзыретті органдары сұрау салған Тараптың құзыретті органдарының өтініші бойынша қорғалатын адамға оның тегі, аты, әкесінің аты және мүдделі Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген тізімі бойынша ол туралы өзгертілген басқа деректермен құжаттарды ауыстыруды жүзеге асырады.

8-бап

Қорғалатын адамның сыртқы пішінін өзгерту сұрау салынған Тараптың аумағында мамандандырылған клиникаларда және өзге медициналық мекемелерде, сондай-ақ олардан тыс мамандарды тарту арқылы және қажетті санитарлық пен өзге жағдайлар туғызумен қатар қажетті медициналық, косметикалық процедуралар жүргізуді көздейді .

9-бап

Сұрау салынған Тараптың құзыретті органдары сұрау салған Тараптың құзыретті органдарының өтініші бойынша қорғалатын адамға арнаулы жеке қорғану, байланыс және хабарландыру құралдарын береді. Көрсетілген құралдарды беру және олардың қорғалатын адаммен қолданылу тәртібі сұрау салған Тараптың ұлттық заңнамасымен белгіленеді.

10-бап

Қорғалатын адамның жеке қорғалуын, тұрғын үйі мен мүлкінің қорғалуын сұрау салынған Тараптың құзыретті органдары қамтамасыз етеді.

11-бап

Сұрау салынған Тараптың құзыретті органдары қорғау шараларын жүзеге асыру мақсатында заңда көзделген тәртіппен жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізеді.

12-бап

Сұрау салынған Тараптың қорғалатын адам туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету мемлекеттік және өзге анықтамалық- ақпараттық қорлардан оның жеке басы, тұрғылықты мекенжайы мен басқа мәліметтер туралы ақпаратты беруді шектеумен айқындалады. Шектеу механизмін сұрау салынған Тарап анықтайды.

13-бап

Сұрау салынған Тараптың аумағында қамауда отырған немесе жазасын өтеу орындарында жүрген қорғалатын адамның қауіпсіздігі ұстау шарттарымен қамтамасыз етіледі, ал қажетті кезде - ұстау орнының біреуінен басқасына орын ауыстыру, жеке немесе жалғыз ұстау сұрау салынған Тараптың ұлттық заңдарымен көзделген тәртіппен .

14-бап

1. Сұрау салынған Тараптың сұратуымен қорғалатын адамға жұмысқа және/немесе оқуға орналастыруға көмек көрсетіледі.

2. Кәмелетке толмаған қорғалатын адам балалардың мектепке дейінгі мекемесіне, ал кәмелетке толғандар халықты әлеуметтік қорғау мекемесіне уақытша орналастырылуы мүмкін.

15-бап

1. Осы Келісімнің 4-бабында көзделген қорғау шаралары қорғалатын адамның немесе оның заңды өкілдерінің жазбаша келісімі бар болған кезде қолданылады.

2. Осы Келісім 14-бабының 2-тармағында көзделген кәмелетке толған немесе кәмелетке толмаған еңбекке жарамсыз қорғалатын адамға байланысты қорғау шаралары олардың ата-аналарының не өзге заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады.

16-бап

1. Қорғау шараларын жүзеге асыру туралы сұратуда келесілер мазмұндалады:

а) сұрау салынған және сұрау салған Тараптың құзыретті органдарының атауы;

б) қорғалатын адамға байланысты қажетті қорғау шараларын жүзеге асыру бойынша қылмыстық іс туралы мәліметтер:

- қылмыстық іс қозғауға негіз болған әрекеттің нақты жағдайларын сипаттау;

- оның негізі бойынша осы әрекетті қылмыс деп таныған сұрау салынған Тарап

з а ң ы н ы ң м ә т і н і ;

- қылмыс жасаған адам туралы немесе нақты қауіп-қатер тудырушы басқа адам туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (өзгерістерімен), азаматтығы, тұрғылықты жері немесе келу орны, соттылығы, келбетін сипаттау, фотосуреттер, дактилокарталар және оның жеке басы туралы басқа мәліметтер (мүмкіндігі бойынша);

- қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың көрсетпелерінің мазмұны, оларға байланысты қорғау шараларын жүзеге асыру туралы шешім қабылдау;

в) қорғалатын адам туралы мәліметтер:

- тегі, аты, әкесінің аты (өзгерістерімен), азаматтығы, тұрғылықты жері немесе келу орны, тиісті істегі қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушының процессуалдық мәртебесі (осы тармақтың б)-тармақшасы) немесе басқа адамның мәртебесі, оларға байланысты қорғау шараларының жүзеге асырылуын сұрату, соттылығы, келбетін с и п а т т а у , ф о т о с у р е т т е р і ;

г) қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттігін негіздеу, қауіп-қатер сипаттамасы;

д) қорғау шараларының тізбесі, олардың жүргізілуін сұрату;

е) қорғау шараларын жүзеге асыруға байланысты материалдық шығындардың орнын толтыру көлемі мен тәртібі туралы ақпарат;

ж) қорғау шараларын қолдану мәселелері бойынша байланысты жүзеге асыруға өкілетті лауазымды адам туралы мәліметтер, онымен байланыс тәртібі мен құралдары.

2. Сұрау салынған Тараптың құзыретті органы, оның пікірі бойынша сұратуды орындау үшін мағынасы бар мәліметтерді сұратуы мүмкін.

3. Қорғау шараларын жүзеге асыру туралы сұратуларға келесілер тіркелуі мүмкін:

а) қорғау шараларын қолдану бойынша қорғалатын адамның немесе оның заңды өкілдерінің ж а з б а ш а к е л і с і м і ;

б) қамауға алу түріндегі шектеу шараларын қолдану туралы қаулының (шешімнің), егер қорғалатын адам айыпкер немесе сотталған болса, үкімнің (оның заңды күшіне енгені туралы, жаза мерзімін есептеу және оны өтеу тәртібі туралы белгісі бар) к ө ш і р м е с і ;

в) сұрау салынған Тараптың заңдарына сәйкес шығарылған қорғалатын адамға байланысты қорғау шараларын жүзеге асыру туралы дәлелді қаулының (шешімнің) к ө ш і р м е с і .

4. Қорғау шараларын жүзеге асыру туралы сұратуға құзыретті орган басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылуы және осы органның елтаңбалы мөрімен бекітілуі қажет.

17-бап

Егер қорғау шараларын жүзеге асыру туралы сұратуда осы Келісімнің 16-бабында көзделген барлық қажетті мәліметтер болмаса, сұрау салынған Тараптың құзыретті органы келіп түскеніне дейінгі сұратудың қаралмай қалуы мүмкін болатын мәліметтерді сұратуы мүмкін

18-бап

Осы Келісімде көзделген қорғау шараларын қолдануға бас тартылуы мүмкін, егер:

б) сұрау салынған Тараптың құзыретті органына осы Келісімнің 4-бабында көзделген қосымша немесе өзге қорғау шараларын қолдану туралы сұратуды жолдайды ;

в) қажетті жағдайда қорғау шараларын жүзеге асыру үшін осы Келісімнің 9-бабында көзделген құралдарды береді;

г) сұрау салынған Тараптың құзыретті органын қылмыстық іс бойынша, оған байланысты қорғауды жүзеге асыру, процессуалдық шешімді қабылдау туралы уақытында хабардар етеді;

д) қорғау шараларын қолдануды қысқарту қажеттігі туралы сұрау салынған Тараптың құзыретті органына дереу хабарлайды.

Статья 19

1. О результатах рассмотрения запроса об осуществлении мер защиты компетентный орган запрашиваемой Стороны не позднее 30 дней с даты получения запроса письменно уведомляет компетентный орган запрашивающей Стороны.

2. В случае удовлетворения запроса об осуществлении мер защиты компетентному органу запрашивающей Стороны сообщаются данные о компетентном органе запрашиваемой Стороны или должностном лице этого органа, которое будет непосредственно осуществлять меры защиты, а также порядок сношений с ним.

3. Время, место и условия прибытия защищаемых лиц на территорию запрашиваемой Стороны определяются компетентными органами Сторон.

Статья 20

Компетентный орган запрашиваемой Стороны:

а) сообщает компетентному органу запрашивающей Стороны о каждом случае угрозы, готовящихся или совершенных противоправных действиях в отношении защищаемого лица, а также о применении дополнительных или иных мер защиты, предусмотренных статьей 4 настоящего Соглашения;

б) оперативно информирует компетентный орган запрашивающей Стороны о каждой попытке получить сведения о защищаемом лице со стороны третьих лиц;

в) по запросу компетентного органа запрашивающей Стороны предоставляет возможность проведения встреч с защищаемым лицом;

г) незамедлительно сообщает компетентному органу запрашивающей Стороны о невыполнении защищаемым лицом обязанностей, предусмотренных пунктом 2 статьи 22 настоящего Соглашения.

Статья 21

Компетентный орган запрашивающей Стороны:

а) незамедлительно сообщает компетентному органу запрашиваемой Стороны об угрозах, готовящихся или совершенных противоправных действиях в отношении защищаемого лица;

б) направляет компетентному органу запрашиваемой Стороны запрос о применении дополнительных или иных мер защиты, предусмотренных статьей 4 настоящего Соглашения;

в) при необходимости предоставляет средства, предусмотренные статьей 9

настоящего Соглашения для осуществления мер защиты;

г) своевременно уведомляет компетентный орган запрашиваемой Стороны о принятии процессуальных решений по уголовному делу, в связи с которым осуществляется защита;

д) незамедлительно сообщает компетентному органу запрашиваемой Стороны о необходимости прекращения применения мер защиты.

РҚАО-ның ескертуі. 19 - 21-баптардың қазақша мәтіні жоқ.

22-бап

1. Қорғалатын адам құқылы:

а) оған байланысты қолданылатын қорғау шараларының сипаты туралы ақпаратты алуға;

б) осы Келісімнің 4 бабында көзделген қорғаудың, қосымша немесе өзге де шараларын өзгерту не қолдану туралы арызбен Тараптардың құзыретті органдарына шағымдануға;

в) Тараптардың құзыретті, сондай-ақ сот органдарына қорғау шараларының тиісті жүзеге асырылмауына шағымдануға және оның жүзеге асуына кейінге қалдырылмайтын шаралар қолдануды сұрауға;

г) Тараптардың құзыретті органдарына қорғау шараларын қолданудан бас тарту туралы арыз беруге;

2. Қорғалатын адам:

а) сұрау салушы Тараптың құзыретті органының заң талаптарын орындауға;

б) өзіне қатысты қорқыту және өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне қол сұғу, сондай-ақ құқыққа қарсы іс-әрекеттердің әрбір оқиғасы туралы сұрау салушы Тараптың құзыретті органына дереу хабарлауға;

в) осы Келісім негізінде берілетін мүлікті, құжаттарды, жеке қорғануға арналған арнайы құралдарды, байланыстар мен хабарламаларды ұқыпты ұстауға;

г) өзіне қатысты қолданылып жатқан қорғау шаралары туралы мәліметтерді жария етпеуге құқылы.

23 - бап

1. Сұрау салынған Тараптың құзыретті органы келесі жағдайларда қорғау шараларын жүзеге асырауды тоқтатады:

а) сұрау салған құзыретті органынан ол жөнінде жазбаша өтініш алса;

б) сұрау салған Тараптың құзыретті органы жазбаша келісім берген жағдайда қорғалатын тұлға қорғау шараларын қолданудан жазбаша бас тартқанда;

Осы тармақта көрсетілген өтінішке немесе келісімге сұрау салған Тараптың заңнамасына сәйкес қабылданған қорғалатын тұлғаға қатысты қорғау шараларын жүзеге асыруды тоқтату туралы (шешімді) дәлелді қаулының көшірмесі тіркеледі.

2. Сұрау салған Тараптың құзыретті органы немесе қорғалатын тұлға өз міндеттерін орындамаған жағдайда сұрау салынған Тараптың құзыретті органы қорғау шараларын

жүзеге асыруды тоқтата алады.

Мұндай шешім қабылданғаны туралы сұрау салынған Тараптың құзыретті органы қорғалатын тұлғаға және сұрау салған Тараптың құзыретті органына дереу хабарлайды.

3. Сұрау салынған Тараптың құзыретті органы келесі мерзімнен бастап 10 күн ішінде қорғау шараларын жүзеге асыруды тоқтатады:

- а) осы баптың 1-тармағында көзделген өтініш немесе келісімді алғанда;
- б) осы баптың 2-тармағында көзделген шешім қабылданғанда.

Сұрау салынған Тараптың құзыретті органы сұрау салған Тараптың құзыретті органының дәлелді жазбаша өтініші бойынша қорғау шараларын жүзеге асыруды тоқтатуды кейінге қалдыра алады.

24- бап

Осы Келісім Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелерін қозғамайды.

25- бап

Егер қорғалатын адам сұрау салынған Тараптың аумағында қылмыс жасаған жағдайда қорғау шараларын жүзеге асыру қылмыстық қудалауды алып тастауға негіз бола алмайды.

26- бап

Тараптар және олардың құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіру бойынша кез келген даулы мәселелерді кеңесулер және келіссөздер жүргізу жолымен шешеді.

27- бап

1. Осы Келісім шеңберінде ынтымақтасу Тараптардың құзыретті органдары арасында тікелей жүзеге асырылады.

2. Құзыретті органдардың тізімі әр Тарап бойынша анықталады және ол осы Келісімге қол қою немесе мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарламаны сақтау үшін басқа Тараптарға хабарлайтын депозитарийге беру кезінде тапсырылады.

3. Депозитарий құзыретті органдар тізімінің өзгертілгені туралы Тараптардың әрқайсысына жазбаша хабарлайды.

28- бап

1. Қорғау шараларын іске асыруға қатысты шығындарды сұрау салушы Тарап көтереді.

2. Қорғау шараларын жүзеге асыру шығындарының орнын толтыруға байланысты салық салу мәселелері аумағында жүзеге асырылатын Тараптың заңнамасына сәйкес шешіледі.

3. Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында сұрау салынған Тарап сұрау салған Тарапқа тегін көмек көрсетеді.

29- бап

Осы Келісімнің ережелері басқа халықаралық шарттар бойынша қатысушылары болып табылатын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

30- бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде ынтымақтасуды жүзеге асыру барысында қызмет тілі ретінде орыс тілін пайдаланады.

31- бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар оны күшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді. Қажетті рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін ол депозитарийге тиісті құжаттарды сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

32- бап

Егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімі бойынша жеке хаттамамен ресімделетін, осы Келісімнің 31-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

33- бап

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге одан шығатын ықтимал уақытқа дейін кемінде алты ай бұрын осы туралы жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шыға
а л а д ы .

Тиісті Тарап шығу сәтінде оның осы Келісімге қатысқан уақытында туындаған барлық қаржылық міндеттемелерді орындауы тиіс.

34- бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін мұндай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен оған қол қоймаған мемлекеттер - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушылар, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы болып табылмайтындардың қосылуы үшін ашық.

Қосылатын мемлекет - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушылар үшін осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап үш ай өткен соң
к ү ш і н е е н е д і .

Егер депозитарий Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы болып табылмайтын мемлекеттен осы Келісімге қосылу туралы хабарлама алса, депозитарий ол туралы дереу Тараптарға хабарлайды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы болып табылмайтын қосылушы мемлекет үшін егер осы кезең ішінде Тараптардың бірде біреуі мұндай қосылуға қарсылық білдірмесе осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді.

Минск қаласында 2006 жылдың 28 қарашасында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасы үшін

Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Грузия Республикасы үшін

Түркменстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Украина Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК